




Білім жүйесін жасау.  
Сауатсыздықпен күрес


XX ғасырдың бас кезінде өлке халқының негізгі көпшілігі оқи да, жаза да алмады. Соңдықтан революциядан соң бірден ересектерді оқыту үшін мектептер мен курстар ашыла бастады





□ 1920 жылы РКФСР ХКК-нің шешіміне орай өлкелік Халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздардың есебін алуды ұйымдастырумен, педагог мамандарды даярлаумен, курстар мен мектептерді ашумен, оқу құралдарын басып шығарумен шұғылданатын сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды. 1924 жылдың қаңтар айында Қазақстанда "Сауатсыздық жойылсын" ұйымын құру жөнінде жұмыстар жүргізілді. 1924 жылдың 17 ақпанда өткен алғашқы ұйымдастырушылық жиналыста Қазақстандағы сауатсыздықты жою ұйымы (СЖҰ) рәсімделді. Олардың негізгі мақсаты сауатсыздықты жою болғанымен олар жергілікті жерлерде жұмысшы, шаруа, малшылар қатарын социалистік құрылысқа тартумен және сауатсыз село халқын бар күш жігері мен қаражаттарын қоғамдық іске жұмсауға үйрету сияқты коммунистік идеологияның принциптерін насихаттаумен де айналысты

- 
- 
- Қазақ халқының сауаттығы туралы 1927 жылы қарашада болған VI Бүкілодақтық партия конференциясында Ф.Голощекин қазақ халқының 97 пайызының сауатсыз екендігін, яғни оның 3 пайызы ғана арабша хат таниды деп кемсіткені бар. Егер, Қазақстанда 1927-28-ші оқу жылында Орталық есептеу басқармасының мәліметі бойынша Қазақстанның ауыл-село халқындағы сауатсыздар 1928-29-шы жылы қазақтар арасында 89,5 ( қарақалпақтарда - 97%, өзбектерде - 94%, тараншыларда - 87%, басқаларда 51%) екенін ескерер болсақ, мәліметтердің дәл еместігін және Қазақстанның сол жылдардағы басшысының қазақ халқы арасындағы онсыз да көп емес сауаттыларды одан одан сайын әдейі төмендетіп отырғанын немесе Голощекин көрсеткендей 3 пайыз еместігінің куәсі болар едік




□ 1928-1929жж. мәдени жорық нәтижесінде 179419 адам сауат ашты деп сол уақыттағы билік партиясы өз беделін көтеруге тырысты. Олардың тұсындағы мәліметтерге сүйенсек бұл жылы республикада 1120 сауатсыздық жою орындары мен 71 сауаты төмендерге арналған мектеп жұмыс жасады, олардың құрамында : коммунистер - 306, жастар ұйымының мүшесі - 510, кәсіподақ мүшелері - 1826, жұмысшылар - 28, батырақтар - 721, кедейлер - 3118 және орташалар - 1814 адам болды деп ескі құжаттарда олардың тізбегі көрсетілді


# 1928 ЖЫЛЫ



25%



10%



1928 жылы Қазақстанда халықтың 25% -ы ғана сауатты болды,оның ішінде қазақтардың 10 %-ы ғана сауатты саналады.

1931 жылы 15 пен 30 жас  
арасындағыларға міндетті түрде оқыту  
енгізілді



